

## "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 242 Қаулысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің "2005 - 2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту туралы" 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі бағыттары:

Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі саласында ағымдағы, ұзақ мерзімді салааралық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешуге және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған тиімділігі жоғары ақпарат және ғарыш технологияларын құру;

ғылымды қажетсінетін ғарыш технологиялары мен техникасын құру жөнінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу;

халықаралық ғарыш станциясында іргелі және қолданбалы зерттеулерді орындау үшін ұшқыш басқаратын ғарыш ұшыруларын пайдалану;

ұлттық қауіпсіздікті, қорғанысты, қоршаған ортаны қорғауды, төтенше жағдайларды болжауды және мониторингтеуді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орындауға қатысу болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыру үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 100000000 (бір жүз миллион) теңге бөлсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитетіне Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын берсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінетін қаражат есебінен Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруды;

2) Қоғамның Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

6. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 17 наурыздағы  
N 242 қаулысымен  
бекітілген

### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-96-жолмен толықтырылсын:

"123-96. "Қазғарыш" ҰК" АҚ".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитеті" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 282-жолмен толықтырылсын:

"282. "Қазғарыш" ҰК" АҚ".

3. "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 513-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген 2006 жылға дейін акциялардың мемлекеттік пакеттері жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына жатпайтын акционерлік қоғамдардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 56-жолмен толықтырылсын:

"56. "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" АҚ (Алматы қаласы) 100 %".

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 377 Қаулысымен.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.